



9 тамыз, сейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

2 Шаруалар белсенді



3 Уағдаластықты созуды уақыт көтермейді



5 Ұрпақ жолы — ұстаздан



6 «Шошқа деп айтпайтын болдым»



САПАР

МАҚСАТ – ҚОЛЖЕТІМДІ ОНЛАЙН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫН АРТТЫРУ



Суреттерді түсірген Н.НУРЖАУБАЙ

Кеше ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин Қызылорда қаласында болып, бірнеше мекеменің жұмысымен танысты. Министрмен бірге облыс әкімінің орынбасары, ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай болды.

Өңірге сапары барысында министр алдымен №3 қалалық емханаға барды. Мұнда дәрігерлермен әңгімелесіп, ақпараттық жүйелерде жұмыс істеуде қандай мәселелер барын сұрап білді.

— Мемлекет басшысы медицина саласын цифрландыру бағытында маңызды міндеттер қойып отыр. Негізгі мәселе — келушіге ыңғайлы әрі тиімді жағдай жасау. Сондықтан алдымызда қолжетімді онлайн қызметтердің санын көбейту мақсаты тұр. Бұған дейін мен бірнеше өңірді аралап шықтым. Сонда медицина мекемелерінде ақпараттық жүйемен жұмыс істеу кезінде дәрігерлер науқастың тарихын толтыруға көп уақыт арнайтынын байқадым. Мәселен, дәрігер ақпараттық жүйені толтыру үшін 60%,

ал пациентті қабылдау үшін 40% уақытын жұмсайды. Осы мәселені шешу жолында біз ақпараттық жүйелерді әзірлеушілермен тиісті жұмыстарды атқарамыз, — деді министр. Кездесуде емхананың бас дәрігері Түлстан Максұтова маммографиялық аппараттың PACS жүйесіне қосылғанын айтты. Бүгінде мұны облыстың 13 медициналық ұйымы қолданады екен. Аталған жүйе пациенттің ауруының тарихын бірнеше дәрігердің бір жүйеден көруіне және уақытты барынша үнемдеуге көмек береді.

Емхана интернет желісімен толық қамтылған. Ал тұрғындарға «eGov» электронды үкімет веб-порталы арқылы дәрігерді үйге шақыру, дәрігердің қабылдауына жазылу және бастапқы медициналық-санитариялық ұйымға тіркелу қызметтері қарастырылған. — Мұнда 2018 жылы шағын Call орталығы ашылды. Орталыққа дәрігерді үйге шақыру, дәрігердің қабылдауына жазылу, ОСМС сұрақтары, ауруханаға жатқызу порталы туралы, шағым, алғыс және тағы да басқа сұрақтар

бойынша хабарласуға болады. Айта кетейін, пациенттің өзіне-өзі қызмет көрсету үшін де 3 терминал орнатылды. Онда барлық дәрігерлердің жұмыс кестесі көрініп тұрады, яғни, келген пациент өзі қалаған дәрігердің қабылдауына алдын ала жазыла алады, — деді Түлстан Әубәкірқызы.

Кездесу соңында министр облыстық денсаулық сақтау басқармасы медициналық ұйымдармен тығыз жұмыс істеп, цифрландыру бағытында жұмыстарды күшейту қажеттігін атап өтті.

Мұнан соң министр жергілікті халыққа қызмет көрсететін цифрлық кеңсенің жұмысымен танысып, цифрландыру жөніндегі барлық шешімдер бірінші кезекте азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталғанын айтты. Мәселен, бүгінде мемлекеттік қызметтің басым бөлігін eGov порталы MGov мобильді қосымшасы арқылы алуға болады. Қазірдің өзінде Қазақстан азаматтарына жеке куәлік, вакциналау төлқұжаты, туу туралы куәлік және басқалары бар, жалпы саны 18 негізгі құжат цифрлық форматта қолжетімді.

— Азаматтар еш қиындықсыз кез келген уақытта сапалы қызмет алулары тиіс. Халыққа қызмет көрсету орталығы техникалық ақауларды болдырмай, қызметтердің ұсынылуын үздіксіз қамтамасыз етуі керек, — деп атап өтті Бағдат Батырбекұлы.

Айта кетейік, аталған цифрлық кенесде І жартыжылдықта азаматтарға 22 мыңнан аса мемлекеттік қызмет көрсетілген. Ендігі міндет — барлық салада цифрландыруды жетілдіру арқылы қызмет сапасын арттыру. Министр алда бұл бағытта толымды жұмыстар жасалатынын айтты.

2-бет

Кейінгі жылдары индустрияландыру бағдарламасы аясындағы ауқымды жобалардың бірі саналған шыны зауытының іске қосылуы жайлы түрлі қауесет тарады. «Зауыт ашылса, 200 адам тұрақты жұмысқа тұрады» деген сөзді көпшілік БАҚ-тан естіп үлгерді. Бірақ...

Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы»

Шыны зауыты туралы шындық қайсы?

«Orda Glass Ltd» серіктестігі және қытайлық «Чайна Триумф» компаниясы бірігіп іске қосады деген шыны зауытының толық іске қосылуы неге кешігуде? Бұған дейін үлкен өндірісті іске қосу үшін өңірге 42 млрд теңгеден астам инвестиция тартылғаны белгілі еді.

Ішкі нарықты өз өнімімен толық қамтып, сондай-ақ алыс-жақын шетелге 30 процентін экспорттайтын болған кәсіпорынға кеше облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов барды. Оның айтуынша, өткен айдың 25-де шыны зауытын іске қосуды қамтамасыз ету жөніндегі арнайы штаб құрылып, жиын өткен. Мақсат — өндірісті іске қосу кезінде туындаған мәселелерді шұғыл түрде шешу. Ал кешегі өткен екінші отырыста да кәсіпорынды іске қосуға қажетті мәселелер айтылып, тиісті органдарға тапсырмалар берілді.

— Былтыр желтоқсан айында зауыттың күйдіру пеші іске қосылғанын білесіздер. Бірақ белгілі себептермен техникалық ақау пайда болып, оның жұмысы уақытша тоқтады. Негізінде аталған пеш бір жағылған соң 10 жыл бойы тоқтамауы тиіс. Тек он жылдан соң ғана қайтадан үлкен жөндеу жұмыстарын жүргізуге болады. Қазір зауыт құрылысын жүргізген қытайлық компания мұндағы бұрынғы қызметкерлерін толығымен ауыстырып, аталған кемшілікті жоюға жаңа команда жіберді. Аймақ басшысының тапсырмасымен зауытты жедел түрде іске қосу жұмыстары жалғасуда. Біз әр аптаның дүйсенбісінде кезекті штаб отырысын өткізіп, жүргізілген жұмыстарға талдау жасап отырмыз, — дейді Серік Қожаниязов.

Ал компания өкілдерінің айтуынша, арнайы күйдіру пеші тамыз айының аяғына дейін жағылып, зауыт жыл соңына қарай өз өнімін шығарады. Өйткені, аталған пеш үш ай ішінде 1500°C температураға дейін қызуы тиіс. Содан соң өнімін бере бастайды.

Зауыт әлемге белгілі елдер — АҚШ, Италия, Бельгия, Финляндия, Қытай мемлекеті шығарған заманауи технологияларды пайдаланбақ. Тағы бір ерекшелігі — үлкен көлемді және ауыр салмақты шыны табакшаларын кесуге және тасымалдауға роботтар қолданбақшы. Ал шикізаттың 90 проценті өзіміздің өңірден болады.

Жұмысы кеш болса да енді жандана бастаған зауыт игілігін аймақ тұрғындары күткелі көп болғаны рас. Тек шыны зауыты аймақтағы алпауыт кәсіпорынға айналады деген сенімге тағы да селкеу түспесе болғаны.



САҚТАНСАҢ – САҚТАЙДЫ

COVID-19: Әлемде ахуал әлі де күрделі



Аймақтағы эпидемиологиялық ахуал туралы кеше өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жангелді Шайымбетов пен облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова баяндады.

Гүлбану МАҚАЖАН,
«Сыр бойы»

— Жыл басынан бері өңірімізде 6 004 наукас індетті жұқтырып, ауырды. Әсіресе індет шілде айынан бері қайта өршіп тұр. Өткен тәулікте 25 жағдай тіркелді. Анықталған жағдайлардың барлығы — жаңа ошақ. Қазіргі таңда облыс бойынша 545 инфекциялық төсек-орын бар. Инфекциялық стационарда 63 наукас ем қабылдап жатса, амбулаториялық жағдайда 422 наукас бақылануда. Реанимациялық төсек-орында 3 наукас ем қабылдап жатыр, — деді Ж.Шайымбетов.

3-бет

МӘСЕЛЕ

ӘЙЕЛДЕР ДӘРІГЕРЛЕРДІ, ДӘРІГЕРЛЕР ӘЙЕЛДЕРІ КІНӘЛАЙДЫ

«Басты міндеттің бірі — ана мен баланың денсаулығын сақтау. Өкінішке қарай, сәби өлімі көбейді. Ана өлімі де аз емес. Перинаталды қызметті тексеруге тапсырма бердім. Нәтижесі бойынша тиісті шешім қабылдануы керек еді. Алайда барлық жұмыс аудит деңгейінен аса алмай, тоқтап қалды. Қазіргі перзентханалардың көбі халықаралық стандарттарға сай емес. Осы мәселені жүйелі түрде шешу керек» деді Қасым-Жомарт Тоқаев өткен айдағы Үкімет отырысында.

Гүлбану МАҚАЖАН,
«Сыр бойы»

3-бет

Кент жаңа кейіпке еніп келеді

Өткен аптада журналистік сапармен Жаңақорғанда болғанбыз. Қарт Қаратаудың етегіне малын өрістетіп, бақшасын жайқалтқан мұндағы ағайынның әу бастан еңбеккер екені белгілі. Қосымша кәсіп ашып, саудаға да бейімділігін байқайсың. Әйтеуір, тынымсыз жұрттың тіршілігі өз бірлігімен, өз ынтымағымен біткен күйі жалғасып жатыр.

Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы»

Аудан орталығы — Жаңақорған кентіне кіреберіс жол бар. Біз барғанымызда мұнда үлкен құрылысты байқадық. Сұрастырғанымызда айналма жол салынып жатыр екен. Бар мақсат — көлік жүргізушілерге ыңғайлы ету. Әрі жол қауіпсіздігі бірінші ескерілген сияқты. Ал кенттің ішіне апарар жолдың басында орналасқан қақпаны жөндеуге жергілікті демеушілер атсалысып жатқанға ұқсайды.

6-бет





МАҚСАТ – ҚОЛЖЕТІМДІ ОНЛАЙН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫН АРТТЫРУ



Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин «Достық үйінде» өңір тұрғындарымен кездесті. Алдымен министр елдегі цифрландыру жұмысының қалай жүзеге асырылып жатқанына тоқталып, алдағы жоспарынан хабардар етті. Сонымен бірге интернет желісіне қолжетімділікке байланысты өзекті мәселерді де ортаға салды.

— Бүгінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша мемлекеттік қызметтердің басым бөлігін азаматтарға «eGov» онлайн немесе Mgov мобильдік қосымшасы арқылы қолжетімді еттік. Сіздердің қажеттіліктеріңізге бағытталған сервистерді енгізу барысында ең көп сұранысқа ие 18 құжат цифрлық форматқа көшірілді. Олар: жеке куәлік, жүргізуші куәлігі, ПЦР-нәтижесі, туу және неке туралы куәлік және басқалар. Осы құжаттарды танымал қосымшалардың көмегімен пайдалануға мүмкіндік жасалды. Нәтижесінде, халық осы қызметті Kaspi және Halyk сияқты қосымшалар арқылы 8 есе жиі пайдалануда. Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысы осы айдың 15 шілдесінде Заңға қол қойып, электронды құжаттардың қолдану аясының кеңейтілуіне жаңа серпін берді. Енді электронды құжаттар қағаз құжаттармен тең дәрежеге ие. Түрлі мекемелерге барғанда құжаттардың түпнұсқаларын өзіңізбен бірге алып жүрудің қажеті жоқ. Бұл өте қолайлы. Бұдан бөлек, осы Заң аясында ауылдық елді мекендерде тұратын қазақстандықтар үшін «Қаз-пошта» АҚ инфрақұрылымы базасында халықтың мемлекеттік қызметтерге қолжетімділігін цифрлық нүктелерін ашылады. Енді компьютері немесе интернетке қолжетімділігі жоқ ауыл тұрғындары цифрлық нүктелердің көмегімен өздері қалаған мемлекеттік қызметтерді ала алады, сондай-ақ аудан орталықтарына немесе қалаларға бармай-ақ, мемлекеттік органдарға электрондық өтініштер жібере алады.

Занмен Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу куәліктерін беру тәртібі өзгертілді. Енді туу, неке, ажырасу, қайтыс болу туралы куәліктер мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін азаматтың «eGov»-тағы жеке кабинетіне түсетін болады. Бұл ретте куәліктердің қағаз нұсқасын алу құқығы өтініш-хат берілген жағдайда сақталады.

Жалпы, Заң мемлекеттік қызметтерді алу кезінде азаматтар мен бизнес үшін әртүрлі шығындарды азайтуға, ауылдар мен қалалар тұрғындарының цифрлық теңсіздігін төмендетуге, мемлекеттік аппаратты ұстауға жұмсалатын шығындарды қысқартуға, қабылданатын басқарушылық шешімдердің тиімділігін арттыруға, ақпараттық қауіпсіздікті күшейтуге, мемлекеттік органдардың қайталанатын функцияларын қысқартуға мүмкіндік береді, — деді министр.

Цифрландыру дәуірінде халық кезекте тұрмауы тиіс. Бұрынғыдай табан тозып, есік жағалап жүрудің де қажеттілігі шамалы. Қолыңызда интернетке қосылған ұялы телефон болса жетіп жатыр. Үйден шықпай-ақ қажетті ақпаратты алуға, түрлі қызметтерге жүгінуге болады. Тіпті бала дүниеге келгенде берілетін

туу туралы куәлікті алу үшін ХҚКО-ға барудың да қажеті жоқ. Қазір бала туылған кезде анасына СМС хабарлама арқылы растау жүргізіліп, туу туралы куәлік автоматты түрде рәсімделеді.

Мемлекет басшысы сондай-ақ жер қатынастарын цифрландыруды қамтамасыз етуді тапсырған болатын. Цифрлық карта еліміздің барлық аумағының жер ресурстары туралы ақпаратқа толық қолжетімділік пен ашықтықты қамтамасыз етеді. Бағдат Мусин бұл ретте жер учаскелерін берудің бүкіл процесінде трансформациялау процесі жүріп жатқанын мәлімдеді. Түрлі түсініксіз тәсілдердің орнына цифрлық бақылауы бар нақты цифрландырылған процесс енгізілетін, қызмет көрсету мерзімі 1 жылдан 20 күнге дейін қысқартылатынын да жеткізді.

Байқасаңыз көпшілік Halyk және Kaspi платформалары арқылы мемлекеттік қызметтерді пайдаланады. Мысалы, сыртқы платформалар арқылы автокеңісті қайта рәсімдеп, ЖК тіркеп, бала туу бойынша жәрдемақыға өтініш бере алады. Десе де цифрлық кезеңде алаяқтық деректердің көбеюі де алаңдатарлық жағдайға айналды. Мәселен, жүргізуші куәлігін алу үшін емтихан тапсыруға өзге адамның кіріп, ал оның иесі шын мәнінде келмегендігі анықталған. Осындайлардың кесірінен елде жол қозғалысы оқиғалары да артқаны белгілі. Министрлік өткен жылдың күзінде алғаш рет Биометрия технологиясының енгізілгенін хабарлар етті. Нәтижесінде емтихан тапсыру коэффициенті төмендеген. Айталық, өткен жылдың 1 жартыжылдығында теориялық емтиханды сәтті тапсырғандардың саны 104 мыңнан асса, биылғы бірінші жартыжылдықта бұл көрсеткіш 41 мыңға дейін төмендеген.

Көрсетілетін қызметтердің ыңғайлылығы мен сапасын БҰҰ сияқты халықаралық институттар сарапалап отырады. Біздің еліміз онлайн қызметтерді дамыту деңгейі бойынша БҰҰ рейтингінде 11-ші және «электрондық үкіметті» дамыту индексі бойынша жалпы 29-шы орында екен. Ал халықаралық электрбайланыс одағының кибер-қауіпсіздік индексі бойынша біз 31-орынға табан тіреппіз.

Былтыр 232 млн қызмет көрсетілсе, оның ішінде 90%-дан астамы электрондық форматта жүзеге асқан. Жыл сайын eGov Mobile мобильдік қосымшасы арқылы алынатын қызметтер саны да өсіп келеді. Егер 2020 жылы смартфон арқылы 9 млн қызмет алынса, 2021 жылы бұл көрсеткіш 19 млн қызметке жеткен. Облыс бойынша өткен жылы 5,5 миллионнан астам қызмет көрсетіліп, оның ішінде электрондық нысанда 89% құраған.

Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент денсаулық сақтау саласындағы цифрландырудың қазіргі деңгейі дәрігерлердің жұмысын жеңілдетіп отырмағанын сынаған еді. Цифрлық даму министрі сынаннан қорытанды шығарып, бірнеше мәселені қолға алатынын да айтып өтті.

— Денсаулық сақтау саласы бойынша цифрландыруға қатысты сын айтылды. Жыл соңына дейін біз осы бағытта бірқатар жобаларды жүзеге асырамыз. Денсаулық сақтауды цифрландыру тәсілдері қайта қаралатын болады. Медициналық көмек көрсетудің есепке алу үдерістерін жаппай автоматтандырудан алыстау қажет және созылмалы ауруларды басқаруға, олардың

профилактикасына және сауықтыруға, жалпы ауруларды ерте анықтауға баса назар аударылған. Қазіргі уақытта денсаулық паспорттарын цифрландыру халықтың атаулы профилактикасын қамтуды ұлғайтты, мысалы, флюорографиялық тексеру бойынша 30%-дан 70%-ға дейін. Медициналық қызметкерлер пациенттерді скрининг туралы хабарлар етуге уақыт жұмсамайды, енді бұл мобильді қосымша арқылы автоматты режимде болады. Өнімсіз еңбекті оңтайландыру есебінен медперсонал жұмысының тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысты одан әрі күшейту қажет. Сіздердің облыстарыңызда ауруды ерте сатысында анықтауға мүмкіндік беретін жасанды зерден енгізу арқылы жобаны іске асыру басталды. Жасанды интеллект маманның назарын патологиялық өзгерген аймақтарға



ауларды, осылайша диагноздың сапасы жақсарады, — деді Бағдат Батырбекулы.

Сондай-ақ, министр әлеуметтік-еңбек саласын цифрландыру бойынша «Отбасының цифрлық картасы» жобасы іске асырылуда екенін де мәлімдеді. Жоба шеңберінде отбасын бағалау өлшем шарттары негізінде автоматты режимде әрбір отбасының, оның ішінде мемлекеттік қолдау шараларына мұқтаж әрбір отбасының әл-ауқат деңгейі айқындалатын болады. Айталық, кедейлік шегінен төмен тұратын, жұмыспен қамтылмаған, тұрғын үйі, кәсіптік білімі немесе дағдылары жоқ, денсаулығы нашар, балалары балабақшалар мен мектептерге бармайтын, «заң проблемалары» бар адамдар. Отбасыларды және мемлекеттік қолдау шараларына мұқтаж адамдарды айқындау қорытындылары бойынша проактивті формалар атаулы әлеуметтік көмек, тұрғын үй көмегі, жұмысқа орналастыру, денсаулық сақтау, білім беру қызметтері және құқықтық көмек сияқты іс-шаралар ұсынылады. Жалпы, жоба мемлекеттік қолдауға мұқтаж отбасылардың «шынайы бейнесін» көруге, проактивті мемлекеттік қолдау көрсетуге, өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларды үнемі бақылауға және сүйемелдеуге мүмкіндік бермек.

Сондай-ақ, Бағдат Мусин қазіргі уақытта 48 бизнес-процестің реинжинирингі жүргізіліп, оларды бекіту жөніндегі жұмыс салалық мемлекеттік органдармен пысықталуда екенін жеткізді. Интерактивті карта осы жылдың соңына дейін қолжетімді болмақ.

«Цифрлық жер қойнауы» деректер қоры 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында толық іске асырылатынын хабарлар етті.

Тағы бір жағымды жаңалық, енді түрлі ұйымдарға әрбір қазақстандықтың өзі ұсынған деректерді қайтарып алу мүмкіндігі бар. Қызметтерді алу, тұлғаны растау, цифрлық құжаттарды сақтау үшін цифрлық сервистерді кеңінен қолдану арқылы азаматтардың дербес деректерінің таралып кету қаупі артады. Мұндай деректер — аты-жөні, ұялы телефондар, электрондық пошта, тұрғылықты мекен-жайлар және т.б. азаматтарды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін мәлімет. Азаматтарға өздерінің дербес деректерін жалпыға қолжетімді көздерден алып тастау мүмкіндігі берілген. Ол үшін «Келісімдер базасы» іске қосылған, демек дербес деректерге азаматтың өзінің келісімімен ғана қол жеткізе алады.

Кездесу барысында тұрғындар интернет желісі сапасының нашарлығына шағым айтып, қалаға жақын елді мекендер мен ауылдарда мүлдем жоқтығын жеткізді. Сондай-ақ, байланыс операторларының қызметіне көңілі толмайтындықтарын да ашып айтты. Екі жыл пандемия кезінде сабақтың онлайн өтілуіне байланысты желінің сапасыздығынан оқушылардың толыққанды біліммен сусындай алмағанына ата-аналар реніштерін білдірді. Аудан тұрғындары да толғандырған сауалдарын жолдады. Мәселен Арал ауданының тұрғыны Бауыржан Жылқышыбаев байланыстың жоқтығынан Тастүбек елді мекеніндегі ата-анасымен хабарласа алмай отырғанын айтады. Министр елді мекенде 250-ден асатын тұрғын болған жағдайда ол жерде интернет желісі тартылатынын мәлімдеді.

— Жалпы Арал ауданында 76,4 мың адам болатын 50 ауылдық елді мекен бар. Оның ішінде 33 елді мекен 3G/4G мобильді байланыс технологиялары бойынша кеңжамақты қолжетімділік

қызметтерімен қамтамасыз етілген. Халық саны 250 адамнан кем ауылдық елді мекенді «Восток-телеком» ЖШС жыл соңына дейін (Қаратерен, Хан ауылдарын) интернетпен қамтамасыз етуді жоспарлауда. Көктем, Горшок, Тастүбек разьездері мен 83 Теренбес, 84 құм Сағыз разьездері бойынша геостационарлық емес спутниктік жүйелер есебінен қамтамасыз ету мәселесі пысықталуда, — деді министр.

Облыстағы 880 мың адам немесе халықтың 98,9%-ы сымды және сымсыз байланыс технологиялары (3G, 4G) бойынша КЖК (кеңжамақты қолжетімділік) қызметтерімен қамтамасыз етілген. Оның ішінде 9,6 мың адам немесе халықтың 1,1%-ы бар 42 елді мекен тыс қалып отыр. Ал 4 ауылдық елді мекен салық жеңілдіктері шеңберінде «Востоктелеком» ЖШС КЖК-мен қамтамасыз етілетін болады. Сонымен қатар, 18 елді мекен бойынша геостационарлық емес спутниктік жүйелер есебінен қамтамасыз ету мәселесі пысықталуда. Халық үшін кеңжамақты қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында геостационарлық емес спутниктік жүйелер орналастыру үшін One-Web, Space X және SET компанияларымен жұмыс жүргізілуде. Жоба 2023 жылы іске аспақ.

Облыс тұрғындарымен кездесуден кейін Бағдат Батырбекулы жергілікті БАҚ өкілдерінің сауалдарына жауап беріп, министрліктің алдағы міндеттері туралы ой бөлісті.

Ақтілек БІТІМБАЙ,
Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»



ЖАЗДЫҚ МАУСЫМЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

АРАЛ

«Ailaq» жастар ресурстық орталығы және «Арал-Ас» шығармашылық тобының бастамасымен «Ailaq acoustic» жобасы өз бастауын алған болатын.

Аталған жоба жаз бойы қала тұрғындары мен жастарының көңілінен шыға білді. 6 тамыз күні жобаның жаздық қорытынды кеші өтіп, жастарға керемет көңіл күй сыйлады. Кеш соңында жобаға қатысқан барлық белсенді жастар аудан әкімінің орынбасары Б.Жұмағұловтың Алғыс хатымен марапатталды.

МЕКТЕПТЕГІ АУҚЫМДЫ ШАРА

ҚАЗАЛЫ

Қ.Сәтбаев атындағы №216 мектепте «Туған жерге тағзым» акциясы аясында ауқымды шара өтті.

Аудан әкімінің орынбасары Д.Тілеумбетов ізгі лебізін жеткізді. Белсенді азаматтар марапатталды. «Мектепке жол» акциясы аясында 20 оқушыға оқуға қажетті құрал-жабдықтар тарту етілді. Одан бөлек, кіші футбол, қол күрес, гир көтеру, арқан тарту және қол көтеру сайыстарының жеңімпаздарына бағалы сыйлықтар табысталды.

МЕРЕЙТОЙ ИЕСІНЕ ҚҰРМЕТ

ҚАРМАҚШЫ

Аудан әкімі Ә.Ерсұлтанов және аудандық мәслихат хатшысы Ә.Қошалақов статистика басқармасының басшысы Кенжебек Таңбаевты қабылдап, 60 жасқа толу мерейтойымен құттықтады.

Кездесуде аудан әкімі мерейтой иесіне ауданның дамуына қосқан үлесін айта отырып, құттықтау хатын табыстайды. Қазақы дәстүрге сай иығына шапан жауып, құрмет көрсетті.

КӘСІБІ МЕРЕКЕ

ЖАЛАҒАШ

Аудан әкімі А.Есжанов «Көлік қызметкерлері күні» кәсіби мерекесіне арналған шараға қатысып, сала қызметкерлерін құттықтады.

Олардың ішінде жүргізуші, машинист, аға вокзал кезекшісі, билет кесуші, жүк қабылдап өткізуші, электромонтер және басқа да маман иелері бар. Шарада мәдениет үйі өнерпаздарымен бірге ауданның теміржол саласында қызмет жасайтын қызметкерлер өнер көрсетті.

САПА БАҚЫЛАУДА

СЫРДАРІЯ

Аудан әкімі М.Ергешбаев №36 мектеп-лицейдің жаңа оқу жылына дайындығымен танысты.

Биыл облыстық бюджет есебінен мектеп ауласына брусчатка төсеу жұмыстары жүргізілуде. Жоба құны — 5 млн теңге. Мердігер мекеме — «Қасиет ЛТД» ЖШС. Аудан басшысы ондағы жұмысшылармен сөйлесіп, жаңа оқу жылына дейін жұмысты сапалы түрде толық аяқтап беру қажет екенін айтты. Аудандық білім бөлімі тарапынан қадағалау болу керектігін бөлім басшысы Б.Жәнібековке тапсырды.

ШАРУАЛАР БЕЛСЕНДІ

ШИЕЛІ

Биыл шиелілік шаруалар ерте көктемнен мал азығын қамдауға кірісті.

Былтыр аудандағы 96 мыңнан астам төрт түлік малға 137 700 тонна шөп (оның ішінде жоңышқа 55 966 тонна), 29 200 тонна сабан, 49 900 тонна жем дайындалған болса, биыл оның көлемі 6%-ға артық жиналды. Ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Мұрат Өшірбеков биыл шиелілік шаруалар 10 мың гектардан астам аумаққа мал азығына жататын әртүрлі дақылдар екенін айтты. Оның ішінде жаңа жоңышқа — 3400, ескі жоңышқа — 6800, асқабақ — 150, арпа 60 гектар. Шөп жинау жұмыстары қызу жүруде.

«ЭКО МАРАФОН» ӨТТІ

ЖАНАҚОРҒАН

Халықаралық жастар күніне орай аудандық ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ қолдауымен «Жастар одақтары» ҚБ «Эко-марфон» ұйымдастырды.

Ауданның табиғатқа жанашыр жастары Жанақорған кенті, Ыбырай Алтынсарин шағын ауданында жиналып, көпқабатты тұрғын үйлер арасындағы қоқыстарды тазартты. Белсенділік көрсеткен жастарға ынталандыру сыйлықтары табысталды.

Дайындаған:
Шынар БЕКБАН,
«Сыр бойы»

САРАТС ЖӘНЕ ПІКІР ҚАЙШЫЛЫҒЫ

Уағдаластықты созуды уақыт көтермейді

Кіші Аралды сақтап қалу, оның арнасын кеңейту – аймақ тұрғындары үшін өте өзекті, су шаруашылығы саласы мамандарын толғандырып отырған мәселе. «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Солтүстік Арал теңізін қалпына келтіру» жобасы аясындағы пікірталас соңғы он жеті жылда толастамай келеді. «Жобаның екінші кезеңі қалай жүзеге асады?» деген сауал төңірегінде сушылар, экологтар және ғалымдар пікірі бір жерден шығар емес.

Биболат СӨТЖАН,
«Сыр бойы»



Мәселеге қатысты газетіміздің өткен санында хабарланғандай, «Достық үйінде» Арал-Сырдария бассейндік кезеңінен тыс мәжілісі өткен болатын. Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов, кеңес мүшелері мен су шаруашылығы саласының ардагерлері, қоғамдық ұйымдар мен БАҚ өкілдері қатысты. Басейндік кеңес төрағасы Сейілбек Нұрымбетов төрағалық еткен жиында «Арал теңізінің солтүстік бөлігін қалпына келтіру және дамыту» жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін дайындау және жобалау мәселесі талқыланды.

Дүниежүзілік Банк грантынан қаржы бөлінген жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін ирандық «Yekom Consulting Engineers» консультанттық компаниясы жеңіп алып, ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетімен бірлесе дайындауда. Жоба жасалып мақұлданса, оған 190 млн АҚШ доллары көлемінде қаржы бөлінеді деп күтілуде.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша «Yekom Consulting Engineers» Қазақстандағы филиалының басшысы Мехди Шаффифар баяндама жасап, жобаның екінші кезеңін іске асыру мақсатында әзірленген

– Сырдария арқылы келетін су мөлшерінің белгісіздігі. Өйткені, жобаға қыруар қаржы жұмсалғанымен, Солтүстік Аралды толтыратын су болмай қалу қаупі де бар. Сондықтан мәселені жоғарыдан, яғни, Сырдария бастауынан іздеу керек. Ол үшін жауын-шашын, еріген қар суын жинақтайтын көлдер жүйесін жаңартып, тоспаларды бүтіндеудің пайдасы зор. Бұған дейінгі жобаны талқылау бойынша өткен кездесулер қорытындысына сүйенсе отырып, су ресурстарын есептеудің негізгі төрт жолын қарастырып отырмыз, – деді Мехди Шаффифар.

Жиында Сырдария өзенінің арнасын реттеу үшін алты су қоймасын – Қараөзек, Жанадәрия-Қуандария, Күміскеткен, Нәнсай, Шиелі-Телікөл және Жанақорғандағы Тайпақкөл, Қандыарал көлдер жүйесін қалпына келтіру жобалары таныстырылды.

Сондай-ақ, Халықаралық Аралды құтқару қоры жобаның екінші компонентіне бірқатар жобаларды біріктіріп, тиісті ұсыныстар әзірлеген. Жиында қордың атқару дирекциясының директоры Болат Бекнияз су ресурстарын пайдалану арқылы тұрақты экономикалық, әлеуметтік және экологиялық дамуға қол жеткізуді көздейтін екінші компонент жобаларын таныстырды.

отырып дайындалған жобаны жүзеге асырудың үш нұсқасын ұсынды.

– Жобаның бірінші нұсқасы Солтүстік Арал теңізін сақтау үшін Көкарал бөгетін қазіргі 42 метр деңгейінен 46-ға дейін көтеріп, бір деңгейлі теңіз жасауды көздейді. Бұл жағдайда су қазіргі сағасымен «Көкарал» бөгеті тұсынан құяды. Екінші нұсқада Солтүстік Арал айданның екіге бөліп, жоғарыда су деңгейін 50 метр деңгейінде жинау қарастырылған. Ол үшін Үшшоқы тұсынан тағы бір бөгет салынып, су Қамбаш көлінен 60 шақырымдай канал арқылы Үлкен Сарышығанақ шығанағына жеткізіледі. Ал, үшінші нұсқа бойынша Солтүстік Арал бір деңгейлі болады, су Қамыстыбас көлінен канал арқылы тартылады. Ол үшін «Көкарал» бөгетінің деңгейін 50 метрге дейін көтеру керек, – деді Анатолий Рябцев.

Кенесте ұсынылған үш жобаның да кемшіліктері мен артықшылықтары талқыға түсті. Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясы ғылыми-ақпараттық орталығы Қазақстандағы филиалының директоры Нариман Қыпшақбаев сонау 1993 жылы 5 мемлекеттің басшылары қол қойып, қабылдаған құжатта ешқандай Сарышығанакты толтыру деген түсініктің не

жеті жылдан бері жалғасып келеді. Бүгінде ұсынылып отырған бір деңгейлі, екі деңгейлі теңіз деген жоба нұсқаларының сол кездегі дайын жобадан айырмасы неде? Сонау 2013 жылы басталуы керек болған, кезінде барлық қажетті сараптамалардан өтіп, оң қорытындысы алынған САРАТС-2-нің дайын жобасы бар емес пе? Дайын жоба тұрғанда, неге бұл үш нұсқаның бірін таңдау керек деп дауласып жүргеніміз түсініксіз, – деді Нәжмадин Мұсабаев.

Су шаруашылығы саласының ардагері Сұлтанбек Тәуіпбаев биылдың өзінде жобаның екінші кезеңі үшінші рет талқыланып жатқанын айтып, ұсынылған үш жобаның бірін тез арада мақұлдау қажетін алға тартты.

– САРАТС-1 жобасында бастапқыда «Әйтеке» плотинасын салу жоспарда болмаған еді. Кейін үнемделген қаржыға салынды. Сол секілді екінші кезеңді жүзеге асыру кезінде де жобаны жетілдіре түсуге мүмкіндік болады деп ойлаймын, – деді ол.

Тәуелсіз сарапшы журналист Айткүл Шалғынбаева САРАТС жобасының оның 1-кезеңінде жіберілген қателіктері көп екенін айтады.

– «Әйтеке», «Ақлақтың», «Көкарал» бөгетінің құрылысында жіберілген ақаулар жо-

Ал, жазушы-эколог Сайлаубай Жұбатыров екі деңгейлі теңіз идеясы сонау 90-жылдардың басында пайда болғанын, сол кездегі Балық шаруашылығы министрі Құдайбергенов Саржанов Мәскеуде жобаның тиімсіздігіне дәлелдер келтіргенін айтты.

– Сол кезде Мәскеуде де мақұлданбаған, халықтың ортақ шешімімен тоқтатылған мәселені қайта көтерудің не керегі бар? САРАТС-1 жобасын жүзеге асыру кезінде болашақта Сырдария суы тапшы болады деп, «Көкарал» бөгетін жоспарланған 46 метр емес, 42 метр деңгейінде қалдырған болатын. Содан бергі 17 жылда Үлкен Аралдың соңына 1,5-2 Кіші Аралды толтыруға жететін су босқа ағып кетті. Онымен бірге қаншама халықтың ризығы – миллиондаған тонна балық та кетті. Бүгінде Үлкен Аралдың табанында жатқан балық сүйегінің қалыңдығы бір метрден асады. Бұл – экология тұрғысынан Аралға жасалған үлкен қылмыс. Оған жауапты кім? Жобаның бірінші кезеңінің басы-қасында кімдер жүрді? Халық тарапынан бұл мәселе де көтеріліп жатыр.

Екіншіден, жобада ұсынылып отырған екі деңгейлі теңіз жобасын түбегейлі алып тастау керек деп ойлаймын.

деген сараптама қорытындысы бар екенін жеткізді. Ал, су шаруашылығы саласының ардагері Айтбай Көшербай жер ыңғайын ұтымды пайдалана отырып, екі деңгейлі теңіз жобасын Қамбаш көлінен канал тарту арқылы емес, Тұщыбас арқылы Бөгеннің сыртымен Қаратүпке жалғап, сол арқылы Үлкен Сарышығанакқа су жеткізуді ұсынды.

Сондай-ақ, кеңесте су шаруашылығы саласының ардагері Дәулетияр Байлимов, басқа да облыстың су шаруашылығы саласының мамандары мен ардагерлері ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Жиында «Көкарал» бөгетінің оңтүстігінде жаңа су қоймасын құру туралы да ұсыныстар айтылды. Жаңа су қоймасы Кіші Аралдан осы уақытқа дейін кеуіп қалған Ұлы теңізге кетіп, құмға сіңіп жатқан суды жинақтауға септігін тигізеді. Сарапшылардың айтуынша, соңғы он бес жылда шамамен 45 миллиард текше метр немесе жыл сайын орта есеппен үш миллиард текше метр су шығын болып отыр.

Жалпы, «Сырдария арнасын реттеу және Солтүстік Арал теңізін қалпына келтіру» жобасы төңірегіндегі пікірталас, іске асыруға жоспарланған жобаның максаттары мен міндеттеріне әлі де нақты әрі біржақты көзқарастың жоқтығын көрсетті. Оған қоса кеңесте ұсынылған жоба нұсқаларының нақты сомасы да көрсетілмеген. Жобаны жүзеге асыруда басым бағыттың не екені де анық емес. Жоба жүзеге асқан жағдайда балық шаруашылығының мүддесі қаншалықты қорғалады, халықты жұмыспен қамту мәселесі қаншалықты шешім табады, су ресурстарын тиімді пайдалану, экологиялық жағдайды жақсартуға қаншалықты оң әсерін тигізеді? Жобаның осы секілді маңызды тұстары түпкілікті жүйеленгеннен кейін ғана нақты іс-әрекетке көшу мүмкін болмақ.

Дегенмен, кеңестің кезекті отырысында үш нұсқаның да экологиялық аспектісі алдыңғы қатарға шығарылды. Сөйтіп Кіші Аралды сақтап қалу жобасының екінші кезеңін жүзеге асыруда экологиялық зардапсыз нұсқасын қарастыру талап етілді. Жиын соңында облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов жобаның, ең алдымен, экологиялық жоба екенін естен шығармау қажетіне тоқталып, теңізді қалпына келтірумен қатар, Ақсай, Қуандария, Ақшатау, Қамбаш көлдер жүйесін сақтап қалу мәселесі де назарда болуы керектігін айтты.

Кенес мүшелері жыл аяғына дейін бір нұсқаны таңдауы тиіс. Өйткені әлемдік банк келесі жылы грантты жауып тастамақ. Сол себепті қайтарымысыз қаржыдан қағылмауы үшін бассейндік кеңес мүшелері күзде нақты шешім қабылдайтын болып уағдаласты.



арнайы жобалардың маңызды тұстарын түсіндіріп өтті.

Жоба үш компоненттен тұрады. Бірінші – Солтүстік Арал теңізі мен Сырдария бассейнінің су инфрақұрылымы мен гидрологиялық режимін жақсарту. Екінші компонентте Қызылорда облысының экономикалық, әлеуметтік және экологиялық әлеуетін арттыруға бағытталған бірқатар жобалар қамтылған. Ал, үшінші компонент су ресурстарын тиімді басқару, техникалық және институционалдық даму бағдарламаларын дайындауды қамтиды.

– Бұл ретте жобаны жүзеге асыруда бірінші мәселе – қолжетімді су мөлшерін анықтау. Қарапайым тілмен айтсақ, шелек керек па әлде су керек па? Өуелі соны айқындап алу қажет. Бірақ ең басты мәселе

– Жобаның екінші компоненті ауыл шаруашылығы, балық өндіру, өсімдік шаруашылығы, суармалы егіншілік, туристік секторда жұмыс істейтін кәсіпкерлерге қолдау көрсету бойынша ұсыныстарды қамтиды. Облыс әкімдігі мен сарапшылардың ұсыныстары негізінде біріктіріліп, ұсынылып отырған бұл жобалардың жалпы құны – 280 млн доллар. Оларды іріктеу үшін облыс әкімдігі жанынан комиссия құру қажет, – деді Болат Бекнияз.

Айта кетерлігі, жобаны ирандық компания «Қазгипроводхоз» жобалау институтымен бірлесе дайындауда. Кеңесте жобалау институтының бас директоры Анатолий Рябцев бұған дейін облыс әкімдігінде өткен кездесуде айтылған ұсыныс-пікірлерді ескере

мақсаттың жоқ екенін, сол мемлекетаралық құжаттың талабы бойынша дайындалған САРАТС жобасының басты мұраты – Кіші Аралды сақтап қалу екенін айтты. Сондықтан Сарышығанакқа Қамбаштан су тартып апару нұсқасы 1994 жылы қабылданған негізгі құжатқа қайшы.

Ал, қоғам қайраткері Нәжмадин Мұсабаев бұрын әзірленген САРАТС-2-нің дайын жобасын негізге алу керек деген пікір білдірді.

– САРАТС-1 жобасы аясында «Көкарал» бөгеті, «Ақлақ», «Әйтеке» плотиналары тұрғызылды. Нәтижесін халық көріп отыр. Жоба 2005 жылы бітті. Сол кезде екінші кезеңнің де жобасы дайын болды. Дегенмен, әртүрлі себептермен басталмай қалды. Оған қатысты түрлі пікір қайшылықтары он

баның екінші кезеңінің басталуына кесірін тигізіп тұр деп ойлаймын. Мәселен, «Әйтеке» судың мол жағдайында мұздың ұстауын көтере алмайтын боп шықты. Өйткені жобадан ауытқушылық бар. «Көкарал» да сондай. Ақлақ та. Сол ауытқушылықтың артын жабу үшін жоғарыдағылар мен сол заманда құрылысқа жауапты тұлғалар бірдеңгейлік вариантқа қарсы боп отыр. Әйтпесе қандай адам өңірдің көлдер жүйесі мен қоршаған ортаның табиғи балансын ұстап тұрған Қамбаштан канал тарту нұсқасын, көрер көзге антиэкологиялық нұсқаны неге қолдайды? Менің ойымша, ұсынылып отырған екі деңгейлі теңіз жобасы – Арал өңіріне екінші экологиялық апат әкелетін жоба, – деді Айткүл Шалғынбаева.

Қамбаш көлінен канал арқылы Үлкен Сарышығанакқа дейін су апару – экологиялық тұрғыдан тиімсіз, өз шығынын ақтамайтын жоба. Сондықтан, барлық қаржы көздерін тарта отырып, «Көкаралды» 51 метр деңгейіне көтеру керек, – деді Сайлаубай Жұбатыров.

Кеңесте Қамбаштан канал арқылы су тартудың көлдің экожүйесіне кері әсері тиімей ме деген мәселе де көтерілді. Кеңес мүшелері тарапынан су өткізбелі болған жағдайда мыңдаған жыл бойы табиғи қалпын сақтап тұрған көлдің ахуалы күрт нашарлайды деген пікір айтылды. Дегенмен, жобаны жасаушылар ихтиолог ғалымдардың Қамбаштың су өткізбелі болуы қайта оның экожүйесіне, балық миграциясы мен жайылымына, уылдырық шашуына қолайлы болады

«АУЫЛ АМАНАТЫ» АУЫЛ АДАМДАРЫ АРАСЫНДА



Тұрғындарды жұмыспен қамту және еңбек табысын арттыру аясында қолға алынған «АУЫЛ АМАНАТЫ» жобасының алға қойған міндеттерін түсіндіруге арналған мобильді топ Арал ауданына қарасты Ақирек, Қамыстыбас ауылдарында болды.

Кездесуде мобильді топ мүшелері жоба аясында еліміздегі әрбір ауыл мен қала өндірісінің басым бағыт-

тарын айқындап, географиялық ерекшеліктері, еңбек, қаржылық және басқа да ресурстары бойынша ақпараттар берді.

Кездесу барысында ауыл азаматтарының сұрақтары мен ұсыныстарына нақты жауаптар берді. Ауыл тұрғындарын негізгі алаңдататын мәселенің бірі – несиеге кепілдік. Өйткені кәсіппен айналысқысы келетін адамдар бар, бірақ құжаттарды

рәсімдеу, кепілдікке қойылатын мүлік мәселесі қиындық туғызады. Сонымен қатар, мал шаруашылығымен айналысу үшін жайылымдық жердің, судың, жем-шөптің тапшылығы да өзекті күйде.

Мобильдік топ жұмысы әрі қарай Қазалы ауданында жалғасатын болады.

«СБ» ақпарат



Ана мен бала денсаулығы – медицина саласының ең өзекті мәселесі. Дабыл қағарлық жағдай. Сыр өңірінде де ана мен бала өлімі жиілеп барады. Өткен жылы дәл осы кезеңде 94, ал биыл 113 нәресте жарық дүниесігін ашпастан қош айтысты. Сондай-ақ, жыл басынан бері Арал, Қазалы аудандары мен Байқоңыр қаласында ана өлімі тіркеліп отыр.

Босануы күрделеніп, бір ота жасалған әйел бірнеше рет пышаққа түсу жағдайлары жиілеп кетті. Қала тұрғыны Жұлдыз өзіне отаның дұрыс жасалмағанын, бірнеше рет пышаққа түсіп, салдарынан дәрігерлер жатырын алып тастағанын әлеуметтік желіге жазды. Дәл осыған ұқсас оқиға Сандұғаш есімді жас ананың да басынан өткен. Қазір ол үйінде, ұлына қарап отыр. Әйтсе де, босанудан денсаулығына ғана емес психикасына зиян келген.

– Дәрігерлер өз қателерін түсініп кешірім сұрады. Жақындарым кешірім бергеніммен, өзегім өкінішке толы. Бұған дейін екі рет өзім босандым. Еш қиындық болмап еді. Толғағымды бақылауда ұстап, дер кезінде босандырып алғанда, мұндай болмас па еді? Қаншама дәрігерді оқыттық деп жатады. Білікті мамандар болмағаны ма? – дейді ол.

Қызға көңіл бөлуді қойдық

Болашақ ана емханаға уақытты бармайды, жас аналар мектебінен кеңес алмайды. Босану бөлмесіне психологтар дайындығынан өтпей барады. Салдарынан аймақта жас аналардың бірінші босануда-ақ кесарь тілігіне алынуы жиілеп кетті.

Жиырма жастағы Нұрай толғақтың ауырлығына шыдамай кесарь тілігіне келісім берген. Себебі, жас анаға қолдау білдіретін қасында ешкім болмаған.

– «Бірінші баланы өзін босануың керек еді» деп бәрі сөйлеп жатыр. Толғақ жаныма қатты батты, шыдамадым. Ауыртпайтын дәрі салыңыздаршы, тезірек босандырып алыңыздаршы деп жалындым. Назар аудармады. Акушерлер сәл шыда өзін тууға мүмкіндігін бар деп демеу көрсеткенде бұлай болмас па еді. Алғаш босанушы аналарға психологиялық көмек керек қой. Шыңғырып жатсақ та, шыда деп кетіп қалады, – дейді жас ана.

Қала тұрғыны Жұлдызай Нақыпова «қызға көңіл бөлуі қойдық. Болашақ ана ретінде оның денсаулығына үлкен мән береміз» керек» дейді.

– Қазір жас қыздарға ана болу үшін дұрыс тамақтанудан, жылы киінуден бастап үйрету керек. Ата-ана жұмыс басты болып кеткен. Қызының болашақ ана екенін түсініп, денсаулығына мән бермейді. Жастардың жейтіні чипсы, ішетіні кола. Акуыз-

1-бет

Әйелдер дәрігерлерді, дәрігерлер әйелдерді кінәлайды



ға бай тағамға үйретпейміз. Содан денсаулық жоқ. Тоназдықтан алып суық су ішеді. Содан бүйректерін құртады. Қазіргі жас келіндердің көбісі енені тыңдамайды. Енесі құрсакқа бала біткеннен бастап келінін жамандықтан қорғап, ұрпағының болашағы үшін жақсылыққа бағыттап отырады. Осыны түсіне бермейді келіндер, – дейді ол.

Мамандар тапшы

Ахуалдың бұлайша күрделенуіне не себеп? Мамандардың айтуынша, бүгінде облыстағы жүкті әйелдердің 99%-інде экстрагенитальды аурулар кездеседі, яғни, олардың басым бөлігі қауіп-қатер жағдайында босанады. Кейінгі екі жылда өңірде 22 ана өлімі тіркелді. Ал, биылғы көрсеткіш бойынша республикада төртінші орында тұрмыз. Облыста жыл сайын медицина мамандарын дайындауға қаржы бөлінеді. Әйтсе де, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов өлім-жітімнің бұлайша жиілеуіне экологиялық жағдайдың кесірі зор дейді. Сондай-ақ, маман тапшылығы да кері әсерін тигізіп отыр.

– Ана мен бала өліміне тікелей әкеп соғатын көрсеткіштердің бірі – кадр тапшылығы. Облыс бойынша босандыру ұйымдарының жалпы акушер гинекологтармен қамтамасыз етілуі 94 процент, ең жетіспейтін маман бізде анестезиологтар 65 процент ғана қамтылған. Неонатолог

мамандармен қамтамасыз ету 90 процентті құрап отыр. Облыс бойынша босандыру ұйымдарының барлығында 106 акушер-гинеколог жұмыс жасаса, оның 71 проценті оперативтік техниканы меңгерген, оның ішінде алтауы ғана кең көлемді оталар жасай алады, – дейді С.Пазылов.

Бұл дегеніміз облыс бойынша ең күрделі жағдаймен бетпе-бет күрес алатын 6 ғана кәсіби маман бар деген сөз. Олардың қолы 7 ауданға бірдей жетпесі белгілі. Әсіресе, шалғай елді мекендерде қауіп үдеп барады. Мәселен биыл Арал, Қазалы аудандары мен Байқоңыр қаласында қатарынан ана өлімі тіркелді. Сондықтан мамандар мәселесі шешілгенше оңалту шараларына басымдық берген жөн.

Жүктілікке дейін дайындық керек

Облыс орталығындағы №1 емханада 464 әйел жүктілігі бойынша есепте тұр. Үш гинекологиялық аймақта дәрігерлер бар. Мамандар кабинет жетіспесе де, жүктілік кезде бақылаудан өтуге барлық жағдайды жасап қойыпты. Екі УДЗ аппараты бар. Аймақтарды аралап әуре болмас үшін жүкті әйелдерге арнайы терапевт дәрігер бөлінген. Жыл басынан бері бір сәби өлімі тіркелген. Алайда зерттеуден күрсак ішіндегі ақау анықталмаған. Қарбалас жұмысына қарамастан аталған емхананың бас дәрігерінің ана мен бала жо-

ніндегі орынбасары Гүлнар Сұлтангереева біздің сұрақтарымызға жауап берді.

– Дені сау анандан ғана дені сау бала туады. Сондықтан жүктілігі бойынша дер кезінде есепке тұрып, ем алса дейміз. Өзімізде тәжірибелі мамандар бар. Ананың аяғында ісік, бүйрегі ауру, кіші дәретінде белок көп болса емделуі керек. Әйтпесе бала өмір сүруге қауіптісіз болып туады. Ерте босанып қоймас үшін жүктілікке дейін дайындық қажет. Әйелдің денсаулығындағы ақауды көріп тұрып, әзір көтермеуге кенес береміз. «Босанатын өзім, асырайтын күйеуім шаруаларыңыз болмасын» деп сөйлейді. Осыдан соң денсаулығы жоқ әйелден науқас бала туылады, – дейді дәрігер.

Сол жағалауда емхана жоқ

Бұл емханада 17 аймақ бар. Соңғы жылдары сол жағалау шағын ауданы да қосылды. Тұрғындары күн санап көбейіп жатқан шағын ауданға дәрігерлер зыр жүгіріп қызмет қылып жүр. Әйтсе де, маман тапшылығы, ал кейбір тұрғындардың ем алуға деген көзқарасы нашар дейді мамандар.

– Сол жағалау шағын ауданы екі аймаққа бөлінген. 24 аймақта бір жасқа дейінгі 64 бала бар, 25 аймақта 175 бала тіркелген. Біз баланың денсаулығына алаңдаймыз. Қабылдауға шақырсақ, кейбір аналар жолақым жоқ деп кел-

мейді. Арнайы көлік бөлік. Келмесе іздеп барамыз. Қажет болса ішке алып келіп тексереміз. Ауруханаға жатпаймыз дейтін жағдайлар кездеседі. Аймақтық дәрігер тапшы. Үш дәрігер тұрақтамай кетіп қалды. Себебі халықпен түсінісіп жұмыс істеу қиын, – дейді білікті маман. Ана мен бала өлімінің алдын алу үшін жаңа шағын ауданға шынында емхана салу қажет.

Қаладағы ірі емханалардың бірі – №6 емхана. Мұнда 1025 жүкті әйел есепте тұр. Жыл басынан бері 12 бала шетінеген. Олардың 8-і – салмағы жетпей туған балалар. Әйелдердің босануға дейінгі бақылауына барлық жағдай жасалған дейді жауапты мамандар.

– Баланың шетінеуіне ана құрсағында ақаулар болуы, анасының дұрыс ем алмауы себеп болады. Дұрыс тамақтанбайды. Қабылдауға газдалған сусын ішіп келетін келіншектер бар. Әйел көтермей тұрып емделуі керектігіне мән беруі қажет. Емханада бір жасқа дейінгі 3528 бала бар. Олардың арасында әртүрлі туа бітті аурулармен ауыратын, мүгедектігі бар бұлдіршіндер кездеседі. Баладағы туа бітті ақаудың алдын алу үшін анасы дер кезінде тіркеліп, екі баланың арасын тым жақын қылмай, жүкті болудың жауапкершілігін сезінсе дейміз, – дейді бас дәрігердің ана мен бала жөніндегі орынбасары Дара Айболқызы.

Аталған емхана жыл басында жаңа УДЗ аппаратын алдырыпты. Бұрын ультрандыстық зерттеуге тексерілу үшін жеке емханаларды жағалап кететінбіз. Тәжірибелі УДЗ маманы Гүлжан Ибраева жұмыс істеп отыр. Күніне оннан аса жүкті әйелді тексеруден өткізеді. Бұрынғыдай емес емдеу ошақтарында материалдық-техникалық жағдайлар жақсарған. Әйтсе де жүктілікті жоспарлау дегенді біздің қарақы болмыс әлі де қабылдай алмайтын секілді.

Ал қалалық №3 емханада жыл басынан бері 1150 жүкті әйел есепке алынған. Олардың 601-і денсаулығына байланысты қауіпті топта. Экстрагенитальдық аурулармен ауыратын 68 жүкті әйел бар. Олар бүйрек, жүрек, неврологиялық, эндокриндік аурулармен ауырады. Қазіргі таңда 809 жүкті әйел бар. Ағымдағы жылдың 6 айында ана өлімі тіркелмеген. Бірақ 8 нәресте шетінепті.

– Акушерия-гинекология бөліміне өткен жылы кольпоскоп

аппараты алынды. Екі КТГ эксперттік ультрандыстық аппаратпен қамтылған. Толық жұмыс істеп тұр. Емханада 4 ультрандыстық зерттеу дәрігері бар. Босануға дейінгі күтімге қажетті барлық жағдай жасалған, жүктілікке дейінгі барлық кабинеттер қамтылған. Отбасын жоспарлау кабинеті, күндізгі емхана, әйелдер қарау, дәрігерге дейінгі қарау бөлмесі бар, – дейді №3 емхананың бас дәрігерінің ана мен бала жөніндегі орынбасары Нұрия Жұмағалиева.

Аудандардағы ана мен бала орталығындағы ахуалды білу үшін облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының ана мен бала жөніндегі орынбасары Мая Мирзаномамен хабарласып едік, ауырып қалғанын айтты.

Облыс әкімінің назарында

Аймақ басшысы ана мен бала мәселесін басты назарға алды. Облыс әкімдігінде арнайы алқа мәжілісін өткізді. Онда саладағы мәселелердің оң шешім табуын тапсырды.

– Тіркелген ана мен бала өлімі көрсеткішін тек табиғи факторларға, материалдық-техникалық базаға сілтеудің қажеті жоқ. Жауапкершіліктен құтылмайсыздар! Әрбір өлім-жітім – бір отбасының тағдыры, қасіреті. Бұл ретте, қысқа мерзімде көтерілген мәселе бойынша шұғыл және пәрменді шаралар қабылдауымыз қажет. Облыстық денсаулық сақтау басқармасы 10 күн ішінде ана мен бала өлімін төмендету мақсатында сала мамандарымен және ғылыми қауымдастық өкілдерімен мәселені жан-жақты зерделеп, кешенді жоспар әзірлеп, бекітуді тапсырамын. Сонымен қатар, жүкті әйелдерге қауіп факторларымен және ауыр экстрагенитальды патологиямен кеңес беру үшін республика деңгейіндегі білікті мамандарды тарта отырып, консилиумдар ұйымдастыру қажет. Жүкті әйелдерді уақытында есепке тұрғызу және балаларға патронаж жасау жұмыстарын күшейтіп, әйелдер арасында жүктілікті жоспарлау бойынша түсіндірме жұмыстарын кеңінен жүргізу қажет. Біз үшін әрбір ана мен әрбір баланың өмірі қымбат. Біз сол балалардың әрқайсысын өз баламыздай көруіміз керек! – деді облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев.

Мәселені зерделеп біз облыс орталығындағы ең ірі үш емханаға бардық. Техника мен білікті мамандар бар десе де олқылықтар орын алған. Алыс ауылдар мен аудандағы жағдайды өзіңіз бағамдай беріңіз. Әйелдер дәрігерді, дәрігер әйелдерді кінәлайды. Аймақ басшысы ана мен баладан қаржыны аямаймыз деді. Қоғам бала өміріне, ана саулығына көзқарасты дұрыстау қажет. Мәселені оңтайлы шешу үшін аналар да, дәрігерлер де жауапкершілікті күшейтсе игі.

COVID-19: Әлемде ахуал әлі де күрделі

Мамандар індетті жұқтырмас үшін екпе алудың маңызды екенін айтады. Pfizer вакцинасының бүгінге I компонентін 85924 адам, ал II компонентін 85747 адам салдырған. Сонымен қатар, 2021 жылдың 22 қарашасынан ревакцинация жұмыстары басталып, қазірге 235984 тұрғын қайта екпе алды.

Дәрігерлер бетперде киіп, көпшілік орындарда жиналмауға кеңес берді. «Індет адамдар шоғырланған жерде көп тарайды. Кейінгі уақытта жұқпалы індет мектеп жасындағы балалар арасында көбейген. Баланың иммунитеті әлсіз. Вирусты бірден қабылдайды. Сақтық шараларын жасау керек. Жағдайды ұшықтырып алуымыз мүмкін» – деді Ө.Әбдіқайымова.

8 тамыздағы мәлімет бойынша, елімізде аталған індетпен ауырып жатқан 8 адамның жағдайы өте ауыр. Қазақстанда коронавирустың таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның Telegram каналындағы деректерге қарағанда, 1466 пациент стационарда, 26650 науқас амбулаториялық деңгейде ем қабылдауда. «Сары» аймақта: Нұр-Сұлтан қаласы, қалған өңірлер – «Жасыл» аймақта.

Ал әлемде коронавирустың расталған жағдайы бойынша адам саны шілде айында 30 миллионға жетті. Бұл маусым айындағыдан бір жарым

1-бет



есеге көп. Аурушандық деңгейі екінші ай қатарынан артуда деп хабарлайды ТАСС агенттігі. Індет Азияда өршеуде, ал инфекцияның жоғары таралу қарқыны әлі де Еуропаның бірнеше елінде тіркеліп жатыр. Өлім-жітім жағдайларының да саны артты. Шілдеде 64 мыңға жуық адам көз жұмған. Бұл алдыңғы кезеңмен салыстырғанда бір жарым есе көп. Түркияда ауру жұқтыру жағдайы бір айда алты есеге өсті. Егер шілде айының басында елде 8 мыңға жуық адамға ковид диагнозы қойылса, айдың соңында олардың саны 50 мыңға жетті. Ең көп өсім – Жапонияда тіркелген. Бір айдың ішінде ондағы көрсеткіш бірден 10 есеге артқан, шілденің басында 23 мың болса, аяғында 230 мыңға жеткен. Оңтүстік Кореяда да көрсеткіш 11 мыңнан 100 мыңға өскен. Еуропа елдерінің көпшілігінде ковидтің

таралу шыңы шілде айының ортасында болды, ал айдың соңғы күндерінде көрсеткіш төмендеген. Францияда айдың екінші жартысында аурушаңдық алты есеге, Италияда 3,5 есеге азайды. Бір айда қайтыс болғандардың бестен бір бөлігі коронавирустан болған өлім-жітім бойынша бірінші орында тұрған АҚШ-қа келеді. Маусыммен салыстырғанда шілдеде 7 мыңға жуық адам көз жұмған Бразилия тұр, бұл бір ай бұрынғыдан бір жарым есе көп. Үшінші орында тұрған Германияда 3,1 мың өлім жағдайы тіркелді, бұл жаздың бірінші айымен салыстырғанда 50%-ға аз. Бұған дейін ДДҰ хабарлағандай, өткен аптада 6,5 миллионнан астам адам коронавирус инфекциясын жұқтырған, 14 мыңнан астамы қайтыс болған.

31,3 млрд теңге кері қайтарылған

1,7 миллионнан астам қазақстандық зейнетақы жинақтарын баспана алуға және емделуге жұмсаған. Бұл туралы БЖЗҚ сайты мәлімдеді.

«1 тамыздағы жағдай бойынша, зейнетақы қаражаты есебінен тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін 1 328 015 өтініш орындалды. Бұл мақсатта азаматтардың шоттарына жалпы соммасы 3,1 трлн теңгеден асатын қаржы аударылды. Әр азаматқа берілген зейнетақы қаражатының орташа соммасы – 2,4 млн теңге» делінген БЖЗҚ хабарламасында.

Сонымен қатар, 380 мыңнан астам қазақстандық емделу үшін зейнетақы жинақтарын жұмсаған. «БЖЗҚ емделу үшін берілген 388 824 азаматтың өтінішін қарап, оларға жалпы соммасы 302,5 млрд теңге аударды. Орта есеппен әр азамат 800 мың теңге алды», - деп мәлім етті Қордың баспасөз қызметі. Зейнетақы қорының мәліметінше, аударылған ақшаны пайдаланбаған тұрғындарда аз емес. Мәселен, «Отбасы банкінен» аударылған 13,3 млрд теңге белгіленген мерзім ішінде пайдаланылмай, кері қайтарылған.

Бұл тағы қандай вирус?

Қытайлық және сингапурлық зерттеушілер генипавирустың бұған дейін белгісіз болған түрін анықтады. Вирусты 35 адам жұқтырған. Зерттеу New England Medicine (NEJM) медициналық журналында жарияланды, - деп хабарлайды Tengrinews.kz.

Бейжің микробиологиялық эпидемиология институтымен Сингапур ұлттық университетінің ғалымдары бірлесіп дайындаған мақалада генипавирустың зоонозды, жануарлардан шыққан жаңа түрі адамдарға да жұғатыны және Шаньдунде Қытайдың Хэнань провинциясынан анықталғаны жазылған. Авторлар

вирусқа Ланья (Langya henipavirus, LayV) генипавирусы деген атау қойған.

Аурудың негізгі симптомдары: қызба, миалгия, жетел, шаршау, бұлшық ет ауруы және жүрек айнуы. Зерттеушілер әзірге вирусты ауыр өткізген не қайтыс болған адамды тіркемеді. Ланья вирусы парамиксо вирустар тұқымдасына жатады.

Генипавирустың екі түрі адамға жұғатыны белгілі, ол – Нипах және Хендравирустары. Айта кетейік, дүниежүзінде генипавирусқа қарсы вакцина жоқ. Вирусты емдеудің жалғыз жолы – аурудың асқынуын болдырмау үшін жасалатын терапия.





ЖАҚЫП ӘБДІХАЛЫҚОВ – 100

ҰРПАҚ ЖОЛЫ – ҰСТАЗДАН

Ұстаз қай кезде де қоғамның, мемлекеттің тірегі. Бүгінгі күні ұстаздар алдында тұрған аса өзекті мәселенің бірі – Қазақстанның XXI ғасырда дамуын, еліміздің серпінді алға жылжуын қамтамасыз ететін жастарды еңбексүйгіш, қабілетті, кәсіби шебер етіп оқыту, тәрбиелеу.



Біздің өңірде бұл мәселенің іргетасы сонау 1960 жылдары қаланды. Сол кездері тың және тыңайған жерлерді игеру туралы, халыққа білім беру жүйесін өмірмен байланыстыру жайлы Коммунистік партия Орталық Комитетінің, Үкіметтің қаулы-қарарларына сәйкес кәсіптік-техникалық оқу саласына тың өзгерістер енгізілді. Жұмысшы мамандар даярлайтын бір типтес қалалық және селолық кәсіптік-техникалық училищелер ашыла бастады. Олардың негізгі міндеті – өнеркәсіп, құрылыс, ауылшаруашылық, транспорт, байланыс, коммуналдық құрылыс, сауда, қоғамдық тамақтандыру орындарына жұмысшы мамандарды дайындау. Осы мақсатпен Қызылорда облысында 10 шақты кәсіптік-техникалық училище ашылып, өз жұмысын бастады. Жаңадан ашылған оқу орындарына өмірлік тәжірибесі бар, білімді әрі іскер, соғыс пен еңбектің қара қазанында қайнап шыққан азаматтар директорлыққа тағайындалды.

Солардың бірі емес, бірегейі Сұлутөбедегі МТС (машина және техникалық станция) негізінде құрылған №120 ауылшаруашылық механизация (УМСХ) училищесінің директоры Жақып Әбдіхалықов еді.

Жақып ағайдың терең білім-біліктілігі, прогресшіл, позитивті ой-өрісі, мәдениеттілігі, белсенді өмір ұстанымы жүрген ортасында шоқтығын биіктетіп тұратын. Табиғи жаратылысы, тектілігі, Жақанды ерекшелік көрсететін. Жақан соғысқа дейін Қызылорда педучилищесін үздік аттестатпен, одан кейін ауылшаруашылық техникумы, сырттай Н.Гоголь атындағы пединституттың жаратылыстану факультетін бітіреді. 1951 жылы Москвада Кеңес Одағы Ауыл шаруашылығы министрлігі ұйымдастырған 3 айлық кәсіби білім жетілдіру курсына оқиды. 1956 жылы Ленинград қаласында басшы және инженерлік-педагогикалық кадрларды қайта даярлаудың Орталық курсында 5 ай оқып, кәсіби білімін арттырады.

Ал еңбек жолы Сырдария ауданына қарасты Сұлутөбедегі

МТС-та ауылшаруашылық машиналарының механигінен басталады, әрі қарай Қызылорда ауыл шаруашылығы механизация училищесінде, №34 Қазалы селолық кәсіптік-техникалық училищесінде мұғалім, аға шебер, оқу-өндірістік ісі жөніндегі директордың орынбасары қызметімен жалғасады. Өндірістік тәжірибесі мол, инженерлік-педагогикалық білімі терең, әлеуеті жоғары Ж.Әбдіхалықов 1959 жылдан 1984 жылға дейін, яғни, зейнетке шыққанша №120 (кейін №12) УМСХ кәсіптік-техникалық училищесіне өнегелі еңбек етті.

Жақып Әбдіхалықовтың басқаруымен училищесіде оқыған оқушылар техниканың түр-түрін: трактордың, комбайнның, жүк машиналардың бірнеше маркаларын жетік игерді, ауылшаруашылық технологиясына сай егін егіп, мол өнім алуды үйренді, өз мамандығын шексіз сүйетін талай майталман механизаторлар, күрішшілер, слесарь мен механиктер өмірге жолдама алды.

Бұған училищесіде жоғары дәрежедегі оқу-материалдық базасы мен техниканы жөндейтін арнайы құралдармен жабдықталған шеберхананың, өндірістік практиканы тиімді әрі нәтижелі етіп ұйымдастыруды көздейтін оқу-әдістемелік кешеннің болуы, жас-жігі кәсіби мақсатты түрде болашақ трактористер, шоферлар, комбайншылар арасында байқау, жарыс өткізілуі септігін тигізді.

Ұстаз Ж.Әбдіхалықовтың берік ұстанған қағидасының бірі – шәкіртті алған білімін өмірде пайдалануға үйрету, соның рахатын көруге қол жеткізу. Сондықтан қыста техникалық паркті жөндеуден өткізіп, көктемгі егіске дайындау, грейдердің штурвалына отырып, Сұлутөбе қыстағының жолын қардан тазалау, көктемде оқу-шаруашылық жерін жыртып, егіс егу, т.б. жұмыстардың бәрі қызу жүріп жататын. Өйткені өндірістік практиканың әр түрінің өту кезеңі училищенің бүгінгі және ертеңгі тыныс-тіршілігімен, оқушылардың болашақ мамандығымен тығыз байланыста еді. Техника егіске

кеш шықса, егілген өнім де кеш піседі. Күзде жинап үлгермеуі мүмкін. Егілетін дақылдың бәрі училищенің асханасына керек, яғни, өздерінің ішіп-жейтін күріші, картобы, пиязы, сәбізі, қапустасы, т.с.с. Осындай қажеттілікті көріп-біліп тұрған оқушының жауапкершілігі артып, тәртібі мен тәрбиесіне игі әсер ететін. Бұл жұмыстардың жауапкершілігі оқушы мен өндірістік оқыту шеберіне жүктеледі, жемісін де бірге көреді.

Өндірістік практика арқылы училище тәлім-тәрбие ордасына айналды. Себебі Сұлутөбеде тұратын көпбалалы отбасыларға, жалғызбасты аналарға, жасы ұлғайған қарияларға жасаған қызметтері мен көмегі үшін (отынын, шөбін, егін өнімдерін түсіріп беру сияқты) оқушылар алғыс алып, адамгершілік пен мейірімділікке дағдыланды.

Теориялық білім мен өндірістік тәжірибені тең ұстап, шәкірттерін ғұнбатырты өмір жасын таңдауға үйреткен Жақып Әбдіхалықов басқарған №120 кәсіптік-техникалық училищенің ұжымы жоғары деңгейдегі табысқа жетті. Ауылдық жерде орналасқан училищелердің республикалық жарысында І орынға ие болды, «Бүкілодақтық социалистік жарыстың жеңімпазы» атағын екі рет жеңіп алды.

Училищеден 13 мыңнан астам жас мамандық алып, өмірге, еңбек жолына алғашқы қадамын жасады. Олардың көпшілігі елге танымал болып, атақ пен абыройға бөленді. Атап айтсақ, Социалистік Еңбек Ерлері Жанболат Қожағұлов, Амангелді Ахметов, Мемлекеттік сыйлықтың иегерлері Есенәлі Қалиев, Сейітхан Орынбасаров; «Құрмет белгісі», «Ленин», «Еңбек Қызыл Туы» ордендерінің иегерлері Күләш Әсімова, Райкүл Жалғасбаева, Ұзақ Боздақбаев, И.Иманжаппаров, т.б. училище ұжымының мақтанышы болды.

Осы күнге дейін кезінде әріптес болып, қатар еңбек еткендер, шәкірттер, халықжұрт бұл оқу орнының басшысын, ұстаздарын, ауызбіршілігі мол бүкіл ұжымды құрметпен еске алып, әңгімелейді.

Қазалыда бірге жұмыс істеген, сол кездегі Жақып ағайдың әріптесі, кейін облыс басшылығында абыроймен қызмет атқарған Николай Артемович Подольский өз естелігінде ағынан жарылып, былай деген еді: «Ол кісінің қолы үнемі босамайтын. Ауыл шаруашылығы техникасын жинақтау, оқу-өндірістік жұмыстарын ұйымдастыру, мәдени-спорттық шаралардың өтуіне басшылық жасау, т.б. жұмыстардың бәрін Жақып атқаратын. Қандай шаршамайтын, ізденуден жалықпайтын жан еді! Мен ол кісіні әрқашанда өзіме ұстаз тұтамын. Мен ол кісіге қарыздармын».

Кезінде Сұлутөбе училищесінде Украинадан, Белоруссиядан, Ресейден жастар оқыды, солардың бірі Украинаға танымал механизатор Владимир Кауров училище түлектерінің кездесуіне арнайы келіп: «Біз Украинада бір шаруашылықта он екі механизатор жұмыс істейміз. Бәріміз де осы оқу орнының түлегіміз. Жақып Әбдіхалықов басқарған үлкен педагогикалық ұжымнан тәрбие көрген жандармыз. Ұстаздардың өнегесіне ешқандай нұқсан келтірмей, адал еңбек етіп жүрміз. Өзімізді тәрбиелеп, үлкен өмірге жолдама берген училище атына кір келтірмейміз. Бұл – оқу орнын бітірген Украинадағы барлық түлектердің адал сөзі» деп тебірене сөйлеп, ыстық жықласын білдірген болатын.

Елге танымал атақты күрішші Күләш Әсімова көзі тірісінде: «Менің осыншама құрметке бөленуім – училищеде алған сапалы білім мен көрген үлгі-өнегенің арқасында, әсіресе, Жақып ағай сол кезде училищесіде оқыған төрт қызды өзінің туған қызынан кем көрмеді. Адамгершілігі мол, жүрегі кең адам еді!» дегені еске түседі. Мұның бәрі де – Жақанның «Мен директорым деп жұмыс істемеймін, көпшіліктің әкесімін деп қызмет етемін» деуінің дәлелі.

Жақып ағайдың өмірі ерлік пен қажымас қайраттан, өмірге, адамға, туған жерге, табиғатқа, сәбиіден ақсақалды қарияға дейінгі шексіз сүйіспеншіліктен тұрды. Осындай асыл қасиеттерімен көптің қадірлісі болған Жақып Әбдіхалықов көзі тірісінде «ҚазССР-нің халық ағарту ісінің үздігі» белгісімен марапатталып, «Қазақстан Республикасы кәсіптік-техникалық білім беру саласына еңбек сіңірген қызметкер» деген құрметті атақты ең алғаш иеленіп, республикалық дәрежедегі зейнет демалысына шықты.

Бір ғасыр уақыт өтсе де бұл кісінің ұстаздық өнегесі, тәрбиелік тағымыны, шәкірт алдындағы беделі, Отанға сіңірген еңбегі жайлы ел арасындағы естеліктер жүректі толқитпай қоймайды.

БАҚЫТ ҚЫРҒЫЗБАЕВА,
ҚР Білім беру ісінің үздігі, ҚР кәсіптік-техникалық білім беру саласының озаты, Ы.Алтынсарин белгісінің иегері

Аграрлық салада жемісті еңбек еткен Қаршыға Сасықбаевты Жалағаш жұрты жақсы біледі. Ақ күріш өндіруде алдыңғы қатардан көрініп жүрген «Таң» шаруашылығында ұзақ жылдар бойы тынбай тер төккен азамат ел несібесін молайтуға үлкен үлес қосты. Күріш өсіру қай кезде де диканға оңай тиген жоқ. Сан алуан ауыртпалығы алдыңнан шығып жататын. Сол бір сәтте оған жауапты әрбір басшы азаматтың еңбекқорлығы, тиянақтылығы таразыға түсетін. Осындай уақытта Қаршыға ағамыз уақытпен санаспай, дәнді ысырапсыз жинап алуға ыждағаттылық танытты.

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

Еңбегімен еленген еді



Көз көрген замандастары ол кісінің жастайынан ел арасында белсенді әрекетімен ерекшеленгенін айтады. Мектеп қабырғасында оқып жүрген кезінен-ақ комсомолда алдыңғы қатардан көрінген жастардың бірі болған екен. Жастайынан елдік істердің ортасынан табылып, еңбек жолында да елдің ішінен көрінді. Алғашқыда ауылда механизатор-жұмысшы ретінде еңбек жолын бастап, белсенділік қасиетінің арқасында шаруашылық жетекшілерінің ортасына ерте түсті. Нәтижесінде 1979 жылы «Таң» ауылында комсомол комитетінің хатшысы болып сайланды.

– Қаршығаны мектеп жасынан жақсы білемін. Жасымыз қатарлас еді. Бала кезінен елдің көзінетүсті. Қандай іс-шара болсын, ол алдыңғы қатардан көрінетін. Кейіннен еңбек жолында да сол жақсы қасиетінен жанылған жоқ. Шаруашылықта түрлі игілікті істерді ұйымдастыруға белсене атсалысты. Әсіресе, жастар және комсомол істерінде жанаңшыл жобалармен ерекшеленіп тұратын. Комсомол қызметінде жүрген жылдарда ауыл жастарының жалынды жетекшісіне айналды. Жасы өзімен қарайлас қыз-жігіттерді ортақ іске жұмылдыра білді. Сол жақсы істері әлі де біз секілді азаматтардың есінде жанғырып тұр. Шаруашылық ісінде де Қаршығаның өз қолтаңбасы бар. Ұзақ жылдар бойы кеңшар директорының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары қызметін абыройлы атқарды. Сондықтан оның ауыл шаруашылығы саласында жасаған әрбір ісі күні бүгінге дейін халықтың қажетіне жарап келеді, – дейді ауылдасы Әлиасқар Әбдәзиев.

Қаршыға ағамыз ауылдың комсомол комитетінде 1986 жылға дейін қызмет атқарды. Сол жылдан бастап өзінің туып-өскен «Таң» елді мекенінде ауыл шаруашылығы саласына білес сыбана кірісіп кетті. Арада үш жылдай өткенде басшылар оның тәжірибесін ескере отырып шаруашылық директорының орынбасары қызметіне лайықты деп таныды.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылорда облыстық, аудандық, қалалық аумақтық инспекцияларының ұжымы әріптесіміз Қызылорда қалалық аумақтық инспекциясының бас маманы **Орынбай Жәкнұлы Игильмановтың** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қауын шыбынынан қалай қорғанамыз?

Ерте көктемнен бастап барлық диқан жер жыртып түрлі көкөніс, жеміс дақылдарын егу жұмыстарын жүргізеді. Оның ішінде дәрумендерге бай, сұранысы жоғары қауын егістіктерінің көлемі ауқымды. Алайда, қауынды жеуге жарамсыз етіп зақымдайтын қауын шыбыны диқандардың еңбегін зая кетіруі мүмкін.

Қауын шыбыны – өте қауіпті карантиндік зиянкес. Оны сарғыш-қызыл түсінен, металл қызыл не жасыл көздерінен, ақ жотасында қара дақтардан тануға болады. Шыбынның жаппай ұшып шығуы қауынның гүлдеу кезеңі мен алғашқы түйін салу кезеңіне дәл келеді. Зиянкестен зақымданған қауынның сыртында тесіктер пайда болады. Осы тесіктер арқылы жемістің ішіне енген микроорганизмдерден жеміс шірі бастайды. Ол қауын жапырақтарынан танертенгі мезгілде байқалады.

Карантиндік зиянкеспен зақымданған қауын дақылын химиялық және агроэкономикалық күрес шаралары арқылы таралуының алдын алып, зиянкесті жоюға болады. Химиялық залалсыздандыру – қауын тұқымдарын дәрілегіш препараттармен,

зиянкеске қарсы қауынның жапырақтары пайда болғаннан бастап гүлдегенге дейінгі өңдеу шаралары болса, агроэкономикалық шараларға құрттардың топыраққа түспеуі үшін зақымданған қауын қалдықтарын 1,0-0,80 метр тереңдікте жерді қазып көміп тастап, егістік жерді терең етіп жыртыу немесе суға бастырып қою шаралары жатады. Сонымен қатар, карантиндік зиянкестің таралуын келер жылы болдырмау үшін ауыспалы егіс тәртібін қатаң сақтап, 3-4 жыл бұрынғы қауын тұқымын пайдаланбауға кеңес беріледі.

Быыл Қызылорда қаласындағы шаруа қожалықтары 17 гектар егістікке қауын шыбынына қарсы химиялық өңдеу жұмыстарының бірінші кезеңін республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізді. Қауіпті зиянкесті



жою үшін егістіктікке 2-рет химиялық өңдеу шараларын жүргізу тиімді. Сонымен бірге қауын шыбынының алдағы уақытта таралуын болдырмау үшін бірқатар агроэкономикалық шаралар атқару қажет.

Осыған байланысты, егін егіп, жемісін көрген диқандар жасаған адал еңбектеріңіздің жақсы нәтижесін көру үшін – карантиндік зиянкес қауын шыбынына қарсы қауын дақылын толық жинап болғаннан кейін күзгі агроэкономикалық (қауын егілген жерді дақыл қалдықтарынан тазалау, жерді суға бастыру, жерді 80 см-1 метр тереңдікте жыртыу, жаңадан қауын егілетін жер-

лерді былтырғы қауын шыбыны байқалған жерлерден 20 шақырым кем болмайтын қашықтықта орналастыру) күрес шараларын міндетті түрде жүргізу арқылы ғана карантиндік зиянкестің таралуының алдын алу мүмкін екендігін назарларыңызға жеткіземіз.

Е.ӘБІШЕВА,
ҚР АШМ АӨК МИК-нің Қызылорда қалалық аумақтық инспекциясының бас маман-өсімдіктер карантині жөніндегі инспекторы



Кент жаңа кейіпке еніп келеді

«БАЛАЛАР ЖЫЛЫНДАҒЫ» БАЗАРЛЫҚ

Жыл басында «Балалар жылы» деп жариялаған ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл бастамасына халықтың аса қуанышты болғанын білеміз. Жас ұрпақты қуанытып, бар жағдайды жасау қажеттігін айтқан Мемлекет басшысының тапсырмасы қарқынды орындалуда. Барыс жылында басымдық берер дүниенің бірі осы еді.

Бұл жаңалықтан Жанақорған да шет қалмады. Президент айтқандай, «Балалар жылын» тек ұрандатып немесе мереке ретінде ғана атап өту тым қажетсіз нәрсе. Жалпы «бар жақсылық балаларға болсын» деген шын ниет болуы керек. Ең алдымен барлық жерде билік тарапынан денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қамсыздандыру саласында нақты жұмыс атқарылуы тиіс. Қасым-



Қазір байқасаңыз, бірінің үйіне бірі кірмейтін көршілер не көшелес тұрғындар бар. Осыны мойындайықшы. Үлкен қаланы айтпай-ақ, өз арамызда да мұндай жайттар кездеспей тұрмайды. Біз ұжым болып, наурыз айында осындай шараны қолға алдық. Басты мақсатымыз – бір көшеде тұратын әр отбасыны өзара жақындастыру. Татулыққа үндеп, бірге тіршілік етуге шақыру. Бәрі бірдей деп айтудан аулақпын, өздері ұйымдасып, бір қуаныш не қайғы бола қалса, көрші болып қана қоймай, көше болып қолғабыс тигізетіндер жеткілікті. Солардың үлгісін көрсетсек дегенбіз, – дейді «AMANAT» партиясының аудандық филиалының төрағасы Арман Мәжитов.

Рас, «адамның күні – адаммен» деген тәмсілді тұрғындар өте берік ұстанды. «Үй сатып алма, көрші ал» дейтін нақылдың да ішкі айтар ойы көп еді ғой. Ұзақ жылдар бойы бір көшеде тұрса да, бір-бірімен қатыспай қатал тұрмыс кешетіндерге тосқауыл болар мағыналы шараның қорытындысы жақында ғана аяқталыпты.

– Аудан орталығында көше көп. Бірақ аталған сайысқа 10 көше қатысуға ниет білдірді. Шарт бойына, сол көше тұрғындары өз ауласынан бастап, сырт аймағына дейін таза ұстау керек. Аяқсу жүретін артықтарды аршып, көктем айларында тал, гүл өсіріп, күл-қоқистардан арылу жұмыстарын жүргізуі де тексеріліп отырды. Бұдан өзге көше комитетінің төрағалары бас болып, сенбі-жексенбі

орынбасары Бектас Нұридинов, кент әкімі Асқар Ибрагимов және аудан тұрғындары қатысқан. «Таза-Like» жобасы бойынша он көше арасындағы тартысты бәсекеде лайықтыларға түрлі номинациялар тапсырылып, арнайы сыйлыққа да ие болған. Мысалы, Т.Готаев пен А.Аюпов көшесі «Ең көгалды көше» номинациясын ұтты. Кос көшенің тұрғындарына қазан-ошақ, титан және газ оттығы берілген. Ал «Ең таза көше» аталымын жеңіп алған С.Сапарбеков пен «Ең ұйымшыл көше» атағына ие болған Б.Ысқақов көшесінің тұрғындарына бес арнайы коқыс жәшігін сыйлаған. Қызығы сол, нағыз керекті дүниені ұсынған ұйымдастырушыларға көше тұрғындары риза болып, алғысын жаудырған. Сондай-ақ, барлық қатысушы көшелердің комитет төрағаларына партияның «Алғыс хаты» табысталыпты.

Біздің қазақ халқы әрқашан татулық пен бірлікті жоғары бағалайды. Жаңа үрдісті жаңғырту – ұрпаққа үлгі. Арман Мәжитовтың айтуынша, аталған жоба алдағы уақытта да жалғаса бермек.

ТАЗАЛЫҚТЫ «ТУҒАН ЖЕРГЕ ҮЛЕСІМ» ДЕП БІЛУ КЕРЕК

Бізбен кездескенде дәл осылай деген Жанақорған кентінің әкімі Асқар Ибрагимовтің өзі де кеңсе киімін тастап тазалық жұмыстарында

– Расында, сенбілікке алтын уақыттарын арнап жүрген қызметкерлердің еңбегіне құрмет танытып, қадірін білу керек. Әрбір тұрғынның адами парызы осындай болса дейміз. Өскен-өнген жерімізді қадірлеп, жан-жағымызды таза ұстау арқылы сырттан келген қонақтарға да, артымыздан ерген балаларымызға да жақсы өнеге көрсетеміз емес пе? Әзірге кент әкімдігінің қызметкерлері өз еріктерімен осындай бастама бастап, аудан орталығына титтей болса да үлестерін қосуды мақсат етіп жүр, – дейді кент әкімі.

Қызметке жақында ғана сайлау арқылы келген әкім алдағы жоспарымен бөлісті. Оның айтуынша, кент аумағы бұрынғыдай емес, үлкейген. Аудан орталығында 147 көше бар. Бүгінде кент тоғыз аймаққа бөлініп, ондағы көшелердің жай-күйі мен өзекті мәселелері сұрыпталған.

– Қызметке келгеніме ай болмады. Осы аралықта кенттің барлық жерін аралап, қай жерде қандай мәселе барына жіті назар аударып келеміз. Бұл жерде ең бастысы, ауызсу, аяқсу, жарық және тұрғын үйлер мен кәсіпкерлік нысандардың аумағындағы тазалық жұмыстарына жиі назар аударамыз. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші кент әкімдігінің қызметкерлерімен бірге аудандық жауапты бөлім басшылары арқылы атқаратын жұмыс көп. Сондай-ақ әр көше комитетінің төрағасы, ондағы ақсақалдар, белсенді жастарымен де кездесіп, тазалық жұмыстарына атсалысуды сұрадым. Ондағы тұрғындар да келісіп, бұл жұмыстар сәтімен атқарылуда. Кешегі сенбіде кент бойынша 5-ші аймақтағы барлық 13 көшенің тұрғындары кент бойынша тазалыққа өз үлестерін қосты, – дейді Асқар Ибрагимов.

Биыл кенттегі өзекті мәселелер үшін аудандық мәслихаттың сессиясына 638 млн теңгеден астам бюджеттік өтінім беріліпті. Аталған қаржыға 3 көшені жарықтандыру, бес көшеге асфальт төсеу, екі балалар алаңын салу және абаттандыру жұмыстары қаралған. Бүгінде аудандық бюджеттен 178 млн теңгеден астам қаржы бөлініп, бірқатар жұмыстар атқарылуда.

Қазір аудан орталығындағы 15 көшеге тас төселіп, №125 орта

«Сыр сандуғаштары» – жеңіс тұғырында

Қырғызстанда өткен халықаралық «Ыстықкөл толқынында» атты дәстүрлі балалар мен жасөспірімдер байқауында облыстық «Сыр сандуғаштары» балалар ән үйірмесінің өнерпаздары жүлдемен оралды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте үйірме жетекшісі Бағдагул Есмұрзаева айтты.

Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

Үйірме 2014 жылы А.Тоқмағанбетов атындағы қалалық мәдениет үйі жанынан құрылды. 9-16 жас аралығындағы талапты балаларды ән салуға машықтандырып, оларға облыстық, республикалық, халықаралық конкурстарда өнер көрсетуге мүмкіндік береді. Бағдагулдің шәкірттері облыстық «Бозторғай», республикалық «Дала сазы», «Qazaqstan дауысы. Балалар» конкурстары мен тележобаларда жеңіс тұғырынан көрініп, аймақ абыройын асқақтатып жүр. Мәселен, өнерлі балалардың басын қосып, кәсіби өнерге шындайтын «Ыстықкөл толқынында» байқауында Саят Сарманбек конкурстың барлық номинациясы бойынша Гран-при, Сезім Қаһарман 1-орын, Арсен Шағдат 2-орын, Қаракат Базарбай 3-орын иеленіп, еліміздің оның ішінде Сыр өңірінің атын шығарып, мерейін үстем етті.

– Бұл байқау 3 мемлекеттен қатысқан 300-ге жуық өнерпазға үміт сыйлады. Иә, бас жүлдеге әрбір қатысушы лайық. Бірақ, таланттар бақ сынаған өнер додасы болғандықтан тек бір ғана қатысушы жеңімпаз атанатыны белгілі. Аталған конкурсқа Сыр елінің сенімін арқаалағандықтан болар, балалар намысқа тырысып, жеңіспен оралуды ғана мақсат етті. Болашақта да өнер әлемінің дамуына үлес қосып, аймағымыздың атын әлемдік сахналардан шығаратын өнерпаздарды тәрбиелейміз. Сондай-ақ, талай өнер долларынан жеңіспен ораламыз деген сенімдемін, – делі Мәдениет саласының үздігі Б.Есмұрзаева.

Жеңімпаздар бүгінге дейін түрлі сайыстарда жүлделі орындарға ие болған. Мәселен, Қаракат Базарбай 9 жасынан бастап халықаралық байқауларға қатысып, биік шыңдарды бағындырып келеді. Ал, байқаудың бас жүлдесіне ие болған Саят Сарманбек бұған дейін халықаралық, республикалық, облыстық сайыстарда жүлделі орындарға ие болды.

– Қырғызстанда өткен байқау басқа сайыстардан ерекше. Себебі, біз өзіміз секілді шетелден келген талантты өнерпаздармен кездесіп, бір үйдің балаларындай бір-бірімізге бауыр бастық. Байқау аяқталған соң Ыстықкөлге барып, тауға шығып, керемет әсер алып қайттық. Байқаудың бас жүлдесіне ие болғаным үшін қуаныштымын. Әлі талай байқауларда бағымды сынап, жеңіс тұғырынан көрініп, елімнің атын әлемге танытқым келеді. Менің жеңіске жетуіме септігін тигізген ұстаздарыма, достарыма алғыс айтамын, – деді С.Сарманбек.

Бойында таудай талабы, қарымды қабілеті бар балғындарды тауып, оларды өнер әлеміне алып келу – үздіксіз ізденісті талап етеді. Үйірме жетекшісі Бағдагул Саинқызы осы талаптан шығып жүр. «Сыр сандуғаштары» ән үйірмесі қаншама өнерлі балғынның бағын жағып, өмірде де, өнерде де өз орнын табуға ықпал етуде. Сыр елінің сандуғаштары әлі талай белестерді бағындырады деп сенеміз.



Жомарт Кемелұлы осыны жіті түсіндіріп айтқан еді.

Аудан аралап жүріп, аталған жұмысты атқаруға деген Жанақорғандағы жергілікті биліктің мүмкіндігін байқадық. Әзірге жаман емес. Аудан әкімі ұйытқы болып, инвестор тартыпты. Кенттегі ең басты көшенің бірі – Қорасан ата бойынан үлкен әрі заманауи саябақ құрылысы жүруде. Көлемі екі гектар болатын саябақ ішінде субұрпақ, түрлі аттракциондар, мәдени шаралар үшін ашық сахна, спорттық шараларға арналған, сондай-ақ жүгіру және вело аландары, неке кию орны болмақ. Ашылуы қазан айына межеленген демалыс орны (суретте) әдеттегідей көгалдандырылып, түрлі ағаштар егіледі.

«TAZALIKE» ЖОБАСЫ ТЕК ЖАҢАҚОРҒАНДА МА?

Бұны «AMANAT» партиясының Жанақорған аудандық филиалы және соған қарасты бастауыш партия ұйымдары ұйымдастырған. Наурыз айында осындай жобаны қолға алып, кент тұрғындарын тазалыққа үндеу басталған еді. Алғаш рет ұйымдастырылған жобадан көрсетілгендей, кент ішіндегі әр көше сайысқа түсіп, өздері тұратын аумақтың тазалығы мен көркейтуді жұмыстарына белсенді болу керектігі айтылды.

1-бет



күндері сенбілік жасау, құрылыс жүргізіп отырған көршісіне асарға бару, өз көшесіндегі тұрмысы төмен отбасыға көмек көрсету жұмыстары да ескерілді, – дейді Арман Мәжитов.

Аталған іс-шараның қорытындысына аудандық мәслихат хатшысы Ғалымжан Сопбеков, аудан әкімінің

жүр екен. Басшы талап етіп қоймай өзі де талпынып жүрсе, қызметкерлері де қарап қалмасы анық. Кент әкімдігі жұмылған мұндай іске аудандағы еріктілер, сондай-ақ «Жанақорған Жанақорған жастары» ұйымының мүшелері және қоғам белсенділері бір кісідей атсалысуда.



мектеп тұсындағы тротуар жанына жарықшамдар орнатылған. Сонымен қатар, қосымша 5 көшеге тас төсеу, екі балалар ойнайтын алаң, абаттандыру жүргізілуде. Бұл жұмыстар күз басталамын дегенше бітіп те қалады.

Жанақорған ауданы

«Шошқа деп айтпайтын болдым»


Сол сапарда Ақжардан кейін Тұрмағамбет ауылына бардым. Шежірешіл карт Запа Дәулетбаев ақсақалдан, оның жақын інісі Қаппар деген кісіден Көшеней Рүстембеков, жырау Қуандық Бүрлібаев туралы қызықты әңгімелер тыңдадым. Арнайылап іздеп шыққан жұмысыма тікелей қатысу болмаса да жүз жырау шыққан ауылда тұратын Майтан атты әжейдің мына бір әңгімесін жолжазба блокнотқа түсіріпін. Майтан Маханбетова бүкіл саналы ғұмырын өскелен ұрпақтың тәрбиесіне арнаған жан.

Ол ауылдағы іргетасы өткен ғасырдың 1925 жылдары

2006 жыл. Сәуірдің соңғы күндері болатын. Ол кезде қалалық газетте жұмыс істеймін. Редакцияның тапсырмасымен Қармақшы ауданының Ақжар, Тұрмағамбет ауылдарына барып, Көшеней жыраудың көзін көрген, жырын тыңдаған ауылдастарының әңгімесін жинағаным бар.

Дәуржан ЕЛУБАЕВ,
«Сыр бойы»

қаланған №29 мектепте 40 жылға жуық ұстаздық еткен. (Кезінде мұнда майдангер-ақын Ә.Егізбаев балаларға сабақ берген. Осы сауат ашу мектебінде атақты шайыр Т.Ізтілеуовтің өзі мұғалім болыпты деген ауызша дерек бар). Сол кезде сексен жастан



асқан Майтан әжейден есте қалған қызықты бір оқиғаны айтып беруін өтіндім.

«Жастау кезіміз. Жұмыстан келген соң кешкілік сиыр сауып отырғанмын. Қарасан келгірдің малы тентектеу еді, теуіп жібергені. Ашуланып: «Мал емес, шошқа екенсің!»

– деппін. Мұны жақын жерде жүрген отағасы есітіп қойыпты.

Шалым Пірімжар жасынан мұсылманшылық жолын берік ұстаған молда адам еді. Кеңестік дәуірдің өзінде жұрттан жасырып, күндіз терезені қараңғылап қойып намаз оқытын. Дерек «тәйт!» деп тыйып

тасталды. Қарасам жүзі қатулы екен. Ұрысар деп ойлағанымша болған жоқ, маған қарата:

– Сиырдың бас жібін шешіп алып, сыртқа алып шық! – деп бұйырды. Жазған құлда шаршау бар ма, айтқанын екі етпей орындадым. Сиырды жетекке алып, көшені жағалап, жеті үйді аралап шықтық. Сол жеті үйдегі ауылдастардан отағасының бұйрығымен: «Мынау шошқа ма, әлде сиыр ма?» деп сурап шықтым. Бұл іске таң-тамаша қалған көршілеріміз:

– Әрине, сиыр, сиыр ғой бұл, – деп жауап қатып жатты. Мұны қызық көрген көшенің бар баласы соңымызға шулап еріп жүр. Сөйтіп көршілерден куәлік алып болған соң үйге оралдық.

Сиырды үйреншікті орнына байлап, сауып алдым. Осы оқиғадан соң өмірімде «шошқа» деген сөзді аузыма алған емеспін. Молда шалымның бұл тыйымы бүкіл ғұмырыма сабақ

болды. Отағасы Пірімжар Отан соғысына қатысқан майдангер, қанды қырғыннан аман келді. Ұрыс даласында жүргенде де намазын қаза қылмаған әулие адам еді ғой, жарықтық», – деп аяқтады әжей әңгімесін.

Біз осы күні дүкендер мен сауда үйлерінен «Халал ет», «Халал шұжық» деп адал асты іздеп жүріп аламыз. Халал стандартын Оңтүстік Шығыс Азиядағы Малайзия мемлекеті тағамға ғана емес, білімге де, денсаулық саласына да, басқаға да бағыда енгізіп қойыпты. Соның нәтижесінде бір кездері жолбарыс жортқан ну орманда тұратын малай халқы қазір әлемнің мықты дамып келе жатқан елдерінің біріне саналады.

Сол Малайзияның үлгісін өзімізге енгіземіз деп жүрсек, мұсылманшылықтың жолын берік ұстанған кейбір аталарымыз оны бұрыннан өмірлік салтқа айналдырған екен деген ойға келдім.